

«Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 1048 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	К. Мәсімов
Жоба	

Атом энергиясын пайдалану туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Осы Заң адамдардың денсаулығы мен өмірін, олардың мүлкін сақтау, қоршаған ортаны қорғау мақсатында атом энергиясын пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеудің құқықтық негізі мен қағидаттарын айқындайды және ядролық қаруды таратпау режимін, атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алу деңгейі - санитариялық қағидаларда, гигиеналық нормативтерде, техникалық регламенттерде көзделген атом энергиясын пайдалану объектісінің ядролық, радиациялық, геометриялық, салмақтық сипаттамаларын айқындайтын физикалық шаманың мәні, осындай мәні болғанда немесе осы мәннен төмен болғанда атом энергиясын пайдаланатын объектілер мемлекеттік бақылаудан шығарылады;

2) атом энергиясы - ядролық реакциялардан және радиоактивті ыдырау кезінде босатылатын энергия, сондай-ақ иондаушы сәуле өндіретін энергия;

3) атом энергиясын пайдаланатын объектілер - иондаушы сәулелену көздері, радиоактивті қалдықтар және пайдаланылған ядролық отын, радиациялық қондырғылар, электрфизикалық қондырғылар, ядролық қондырғылар, сақтау және көму пункттері, көліктік буып-түю жинақталымдары мен ядролық материалдар;

4) атом энергиясын пайдаланатын объектілермен жұмыс істеу - атом энергиясын пайдаланатын объектілермен оларды дайындау, жеткізу, пайдалану, пайдалануға қосу

және пайдаланудан шығару, өңдеу, монтаждау, жөндеу, техникалық қызметтер көрсету, зарядтау, қайта зарядтау, бөлшектеу, кәдеге жарату, консервациялау, тасымалдау, импорттау, экспорттау, қатерсіздендіру, кейіннен кәдеге жарату, сақтау, көму кезіндегі қолмен жасалатын және (немесе) автоматтандырылған операциялардың, әрекеттердің жиынтығы;

5) атом энергиясын пайдаланатын объектілерді пайдалану - атом энергиясын пайдаланатын объектілерді мақсатты пайдалану бойынша заңды немесе жеке тұлға қолда бар лицензияның негізінде жүзеге асыратын әкімшілік, шаруашылық және инженерлік-техникалық қызмет;

6) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамаларының талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;

7) иондаушы сәулелену көздері - радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттары бар аппараттар немесе құрылғылар, сондай-ақ иондаушы сәуле шығаратын немесе оны шығаруға қабілетті электрфизикалық аппараттар немесе құрылғылар;

8) иондаушы сәулелену көздерінің мемлекеттік тізілімі - алып өту туралы олардың экспорты мен импорты кезіндегі мәліметтерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында олардың қолда бар болуы және орын ауыстыруы туралы мәліметтердің үнемі жаңартылып тұратын мәліметтер жинағын білдіретін иондаушы сәулелену көздерінің деректер базасы;

9) көліктік буып-түю - тасымалдауға арналған, радиоактивті құрамымен бірге тасымалдауға дайындалған көліктік буып-түю жинақталымы;

10) көліктік буып-түю жинақталымы - тасымалдау кезінде радиоактивті құрамды толық орналастыру мен ұстап тұру үшін қажетті элементтердің жиынтығы;

11) көму - жұмысқа пайдаланылған ядролық отынды немесе радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған пунктке оларды қайтадан қазып алу ниетінсіз орналастыру;

12) көму пункті - пайдаланылған ядролық отынды немесе радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған арнайы ядролық немесе радиациялық қондырғы;

13) көму пунктін жабу - көму пунктін қауіпсіз жағдайға келтіріп көмгеннен кейін барлық операцияларды аяқтау және оны мемлекеттік бақылаудан алып тастау;

14) қондырғыға арналған алаңды таңдау - атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен белгіленетін қауіпсіздік жөніндегі талаптардың негізінде орналастыру алаңын айқындау және ядролық, радиациялық немесе электрфизикалық қондырғы жобасының негіздерін айқындау жөніндегі қызмет;

15) қондырғыны пайдалануға қосу - ядролық, радиациялық немесе электрфизикалық қондырғының құрамдас бөліктері мен жүйелерінің құрылысы аяқталғаннан және қажетті сынақтар жүргізілгеннен кейін жұмыс жағдайына келтіру

жөніндегі құжатпен ресімделетін қызмет;

16) қондырғыны пайдаланудан шығару - ядролық, радиациялық немесе электрфизикалық қондырғыны пайдалануды тоқтату және қондырғы мен оны орналастыру алаңының қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкес келетін түпкілікті жай-күйін қамтамасыз ете отырып, оны мемлекеттік бақылаудан алып тастау жөніндегі құжатпен ресімделетін қызмет;

17) объектіні кейіннен кәдеге жарату - күрделі құрылыстың (үйдің, ғимараттың, кешеннің) пайдаланылуы (пайдалануы, қолдануы) тоқтатылғаннан кейін регенерацияланатын элементтерін (конструкцияларды, материалдарды, жабдықтарды) бір мезгілде қалпына келтіріп және қайталап пайдаланып, сондай-ақ регенерацияланбайтын элементтер мен қалдықтарды өңдей отырып, бөлшектеу және бұзу жөніндегі жұмыстар кешені;

18) пайдаланушы ұйым - атом энергиясын пайдалану объектісімен жұмыс істеу бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

19) пайдаланылған ядролық отын - ядролық реакторда сәулеленген және одан біржола аластатылған ядролық отын;

20) персонал - иондаушы сәулелену көздерімен тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін немесе жұмыс жағдайларына байланысты олардың әсер ету аясында болатын жеке тұлғалар;

21) радиациялық қауіпсіздік - белгіленген нормаларға сәйкес персоналға, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсері шектелетін атом энергиясын пайдаланатын объектінің қасиеттері мен сипаттамаларының жай-күйі;

22) радиациялық қауіптілік санаты - жұмыс істеген кезде немесе пайдалану немесе ықтимал авариялар жағдайында халық және (немесе) қоршаған орта үшін радиациялық қауіптілігі дәрежесі бойынша атом энергиясын пайдаланатын объектінің сипаттамасы;

23) радиациялық қатер - сәулелену нәтижесінде, оның зардаптарының ауырлығын ескере отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтірудің ықтималдығы;

24) радиациялық қондырғы - өзіне қатысты арнайы жобаланған ғимараттарды, құрылыстар мен жабдықты қоса алғанда, радиоактивті заттармен жұмыс істеу жүзеге асырылатын, ядролық болып табылмайтын арнайы қондырғы;

25) радиоактивті заттар - радионуклидтер бар, кез келген агрегаттық жағдайдағы, шығу тегі табиғи немесе техногендік кез келген материал;

26) радиоактивті қалдықтар - одан әрі пайдаланылуы көзделмейтін радиоактивті заттар, ядролық материалдар немесе радионуклидтік көздер;

27) радионуклидтік көз - құрамында радиоактивті заттары бар, оны пайдалы қолдану үшін арнайы жасалған немесе қандай да бір қызмет түрінің жанама өнімі болып табылатын иондаушы сәулелену көзі;

28) сақтау - ядролық отынды, ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды

, радиоактивті заттарды, радионуклидтік көздерді, радиоактивті қалдықтарды, пайдаланылған ядролық отынды одан әрі жұмыс істеу үшін алу мүмкіндігі көзделетін сақтау пункттеріне уақытша орналастыру;

29) сақтау пункті (қойма) - ядролық материалдарды, ядролық отынды, радиоактивті заттарды, радионуклидтік көздерді, радиоактивті қалдықтарды, пайдаланылған ядролық отынды сақтауға арналған арнайы ядролық немесе радиациялық қондырғы;

30) санитариялық-қорғаныш аймағы - атмосфераның жер беті қабаты шегінде шекті рұқсат етілетін деңгейден асатын шоғырланудағы радиоактивті заттармен ластануы мүмкін және оның шегінен тыс қоршаған ортаға әсер ету факторлары белгіленген гигиеналық нормативтерден аспайтын ядролық, радиациялық немесе электрфизикалық қондырғылар аумағы;

31) уәкілетті орган - атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік реттеуді және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

32) физикалық қорғау - адамдардың атом энергиясын пайдаланатын объектіге рұқсатсыз кіруін болдырмау жөніндегі ұйымдастыру және техникалық шаралардың бірыңғай жүйесі;

33) электрфизикалық қондырғы - өзіне қатысты арнайы жобаланған барлық ғимараттарды, құрылыстарды және жабдықты қоса алғанда, иондаушы сәулені туындататын немесе туындатуға қабілетті арнайы қондырғы;

34) ядролық және радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету - ядролық және радиациялық авариялардың алдын алуға және персонал, халық және қоршаған орта үшін радиациялық қатерді болдырмауға бағытталған жобалау, техникалық және ұйымдастыру шараларының кешені;

35) ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды тасымалдау - ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды осы үшін арнайы жабдықталған кез келген түрдегі көлік құралының көмегімен тасымалдау;

36) ядролық қауіпсіздік - атом энергиясын пайдаланатын объектінің қасиеттері мен сипаттамаларының жай-күйі, бұл жағдайда ядролық авариялардың мүмкін болмайтындығы белгілі бір ықтималдықпен қамтамасыз етіледі;

37) ядролық қондырғы - ядролық материалдармен жұмыс істеу жүзеге асырылатын, өзіне қатысты арнайы жобаланған ғимараттарды, құрылыстарды және жабдықты қоса алғанда, арнайы қондырғы;

38) ядролық материалдар - бөлінетін (ыдырайтын) радионуклидтерден тұратын немесе оларды жанғыртуға қабілетті материалдар;

39) ядролық, радиациялық, электрфизикалық қондырғыларды жобалау - атом энергиясын немесе оның құрамдас бөліктерін пайдалану объектісіне арналған сызбаларды, графикалық және мәтіндік материалдарды, инженерлік, экономикалық, сметалық есептерді, қосалқы есептерді, техникалық шарттарды қоса алғанда, сәулет, құрылыс, конструкторлық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі қызмет;

40) ядролық физикалық қауіпсіздік - атом энергиясын пайдаланатын объектілерге және (немесе) пайдаланушы ұйымға қатысты ұрлау, қаскүнемдік, рұқсатсыз ену, заңсыз беру немесе олармен жұмыс істеу немесе басқа да заңға қарсы әрекеттер фактілерінің алдын алуға, анықтауға және (немесе) ден қоюға бағытталған ұйымдастыру және техникалық шаралардың бірыңғай жүйесінің жай-күйі;

41) ядролық экспорт (импорт) - ядролық материалдарды, арнайы ядролық емес материалдарды, жабдықтарды, қондырғыларды, ядролық материалдарды шығару кезінде қолданылатын технологияларды, иондаушы сәулелену көздерін, өнімдерді, қосарлы қолдану жабдықтары мен тиісті технологияларды, оларды өндірумен байланысты жұмыстар мен қызметтер көрсетуді және өз құзыреті шеңберінде ұлттық қауіпсіздік мақсатында бақыланатын тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету (Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу).

2-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнама

1. Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

2-тарау. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу

3-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу

Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу:

1) жеке және заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдаланатын объектілермен жұмыс істеу кезіндегі қызметіне;

2) жеке және заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдаланатын объектілердің өмірлік циклімен байланысты жұмыстарды орындау кезіндегі қызметіне;

3) ядролық сынақтар мониторингіне;

4) бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарындағы және жүргізілген ядролық жарылыстар салдарынан ластанған басқа да аумақтардағы қызметке;

5) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасына;

6) атом энергиясын пайдаланатын объектілерде жұмыс істейтін қызметкерлерді даярлауға және аттестаттауға қатысты қолданылады.

4-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері және қағидаттары

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері халықтың денсаулығын тиімді қорғау, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету, атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық, радиациялық, ядролық физикалық

қауіпсіздікті, ядролық қаруды таратпау режимін ұстап тұру болып табылады.

2. Атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік реттеу:

1) атом энергиясын пайдалану кезінде халықтың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) қауіпсіздікті қамтамасыз етудің атом энергиясын пайдаланудың басқа аспектілерінен басымдығы;

3) атом энергиясын пайдаланатын объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылаудың міндеттілігі мен үздіксіздігі;

4) атом энергиясын пайдаланатын объектілер қауіпсіздігінің жай-күйі мен халыққа және қоршаған ортаға әсері туралы ақпараттың қолжетімділігі, объективтілігі және уақтылылығы;

5) жеке және заңды тұлғалардың денсаулығына, өмірі мен мүлкіне, сондай-ақ атом энергиясын пайдаланатын объектілердің қоршаған ортаға радиациялық әсерімен келтірілген зиянды өтеудің міндеттілігі;

6) қоршаған ортаның нормативтен жоғары радиоактивтік ластануына жол бермеу;

7) Қазақстан Республикасының аумағында өзінің радиоактивті қалдықтарының кері импортын қоспағанда, басқа мемлекеттердің радиоактивті қалдықтарының және пайдаланылған ядролық отынының көмілуіне және олардың импортына жол бермеу.

8) атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздікті мемлекеттік реттеудің міндеттілігі қағидаттарына негізделеді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғалардың ядролық қаруды әзірлеу, жасау, өндіру, сынау, сақтау немесе тарату мақсатында атом энергиясын пайдалану жөніндегі кез келген қызметіне тыйым салынады.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) атом энергетикасы мен өнеркәсібін, атом энергиясын пайдалану саласындағы қолданбалы технологияларды дамытудың мемлекеттік саясатын әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасының аумағында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің инспекцияларын ұйымдастыру тәртібін айқындайды;

3) ядролық қондырғыларды және көму пункттерін салу ауданы, олардың құрылысы және құрылысын болдырмау туралы шешім қабылдайды;

4) ядролық қондырғыны мерзімінен бұрын пайдаланудан шығару немесе көму пункттерін жабу туралы шешім қабылдайды;

5) ядролық және радиациялық қондырғыларды пайдаланудан шығару қағидасын бекітеді;

6) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу тәртібін бекітеді;

7) ядролық қондырғыларды және көму пункттерін орналастыру алаңын таңдау

қағидасын бекітеді;

8) Ядролық және радиациялық аварияларға ұлттық ден қою жоспарын бекітеді.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

2) атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

3) атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) атом энергиясын пайдалану саласында лицензиялауды және рұқсаттық бақылауды жүзеге асырады;

5) атом энергиясын пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

6) ядролық материалдарды және ядролық қондырғыларды физикалық қорғау қағидаларын бекітеді;

7) иондаушы сәулелену көздерін және сақтау пункттерін физикалық қорғау қағидасын бекітеді;

8) ядролық және радиациялық қондырғыларды пайдаланудан шығару қағидаларын әзірлейді;

9) Қазақстан Республикасының аумағында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік инспекцияларын ұйымдастыру тәртібін әзірлейді;

10) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидасын бекітеді;

11) иондаушы сәулелену көздеріндегі ядролық материалдарды қоса алғанда, ядролық материалдарды мемлекеттік есепке алу қағидасын бекітеді;

12) иондаушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу қағидасын бекітеді;

13) радионуклидтік көздермен жұмыс істеу қауіпсіздігі қағидаларын бекітеді;

14) Ядролық және радиациялық аварияларға ден қоюдың ұлттық жоспарын әзірлейді;

15) ядролық материалдарды тасымалдау қағидасын бекітеді;

16) радиоактивті заттарды және қалдықтарды тасымалдау қағидасын бекітеді;

17) ядролық қондырғыларды орналастыру алаңын және көму пункттерін таңдау қағидасын әзірлейді;

18) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу қағидасын әзірлейді;

19) қауіптілігі 1 және 2-санаттағы ядролық қондырғыларда жұмыс істейтін персоналға қойылатын біліктілік талаптарын, персоналдың біліктілігін арттыру және білімін тексеру қағидасын бекітеді;

20) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды аттестаттау қағидасын бекітеді;

21) халықтың қауіпсіздігіне және (немесе) қоршаған ортаға қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне ядролық қондырғыларды мерзімінен бұрын пайдаланудан шығару немесе көму пункттерін жабу туралы ұсыныс енгізеді;

22) ядролық материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін есепке қою немесе есептен шығару туралы шешім қабылдайды;

23) иондаушы сәулелену көздеріндегі ядролық материалдарды қоса алғанда, ядролық материалдардың мемлекеттік есебін жүргізеді;

24) иондаушы сәулелену көздерінің мемлекеттік есебін жүргізеді;

25) атом энергиясын пайдалану саласындағы экспорттық бақылауды жүзеге асырады;

26) атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын, сарапшылық ұйымдар берген есептеме әдістемесін келіседі;

27) көліктік орауыш жинақталымның конструкциясын бекітеді және оларға сертификаттар-рұқсаттар қолданысын енгізеді;

28) атом энергиясын пайдалану, ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету саласындағы ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік жөніндегі зерттеулерді ұйымдастырады;

29) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды аттестаттауды жүргізеді;

30) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің қауіпсіздігін сараптауды жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеуді жүргізеді;

31) радиоактивті қалдықтарды жинау, сақтау және көму қағидаларын бекітеді;

32) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар үшін атом энергиясын пайдаланатын объектінің Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растау әдістері мен тәсілдеріне қатысты әдістемелік ұсынымдар әзірлейді және бекітеді;

33) әртүрлі радиоизотоптар үшін шекті активтілік шамасының мәнін белгілейді;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды орындайды.

7-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау

Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында жүзеге асырылады. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру шарттары мен тәртібі

8-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес иондаушы сәулеленудің зиянды әсерінен персоналдың, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауды, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қорғауды қамтамасыз ету жағдайында жүзеге асырылады.

2. Атом энергиясын пайдаланатын объектілермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар:

1) атом энергиясын пайдаланатын объектіні нысаналы пайдалануды қамтамасыз етуге;

2) атом энергиясын пайдаланатын объектінің жобалық және пайдалану сипаттамалары мен параметрлерінің атом энергиясын пайдалана отырып қызметті жүзеге асыру кезіндегі қауіпсіздік талаптарына, экспорттық бақылау және (немесе) ядролық қаруды таратпау режимінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің қауіпсіздігі бойынша заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық құрылымы және ішкі құжаттарының жүйесі болуы;

4) Қазақстан Республикасының ядролық материалдарды есепке алу бойынша заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық құрылымы және ішкі құжаттарының жүйесі болуы;

5) Қазақстан Республикасының иондаушы сәулелену көздерін есепке алу бойынша заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық құрылымы және ішкі құжаттарының жүйесі болуы;

6) ядролық материалдарды есепке алу мен бақылауды қамтамасыз етуге және уәкілетті органға олардың болуы мен орын ауыстыруы туралы есептерді ұсынуға;

7) иондаушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылауды қамтамасыз етуге және уәкілетті органға олардың болуы мен орын ауыстыруы туралы есептерді ұсынуға;

8) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің тиісті түріне лицензия алуға;

9) жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың отыз бірінші қаңтарына дейін уәкілетті органға радиациялық және (немесе) ядролық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы есеп ұсынуға;

10) уәкілетті органға ядролық, радиациялық немесе ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты жүйелердегі, жабдықтардағы ядролық қондырғылардың құжаттамасындағы кез келген өзгерістер туралы хабарлауға;

11) уәкілетті органға ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікпен байланысты авариялар мен оқыс оқиғалар туралы хабарлауға;

12) ядролық қондырғылардың өмірлік циклінің бүкіл кезеңі ішінде қауіпсіз пайдалану және техникалық қызмет көрсету үшін жеткілікті қажетті

ұйымдастырушылық, қаржылық, материалдық-техникалық ресурстар мен білікті персоналға ие болуға;

13) ядролық қондырғыларды пайдаланудан шығару, көмуге арналған орындарды жабу, кейіннен кәдеге жарату, радиоактивті қалдықтарды көму, радиациялық авариялардың салдарын жою, азаматтардың денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүліктеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету үшін қаржы құралдарын көздеуге;

14) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік талаптарын сақтауға;

15) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде ядролық және радиациялық-қауіпті жұмыстарға жіберілген қызметкерлердің сәуле алу дозасын есепке алу мен талдау жүргізуге және олардың өтемақы алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге;

16) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру бойынша жұмыстарға жіберілген персоналды даярлауды, біліктіліктерін сақтауға және уақтылы аттестаттауды жүзеге асыруға;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген персоналды радиациялық қатерден міндетті сақтандыруды қамтамасыз етуге міндетті.

3. Атом энергиясын пайдаланатын объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың және (немесе) олардың меншік иелерінің атом энергиясын пайдаланатын объектілерді, егер бұл тұлғалардың атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті қызмет түріне лицензиясы болмаса, басқа заңды және жеке тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

4. Пайдаланушы ұйым қызметін тоқтатқан кезде қызметті қауіпсіз тоқтату бойынша мынадай іс-шараларды орындауға:

1) ядролық материалдарды және (немесе) иондаушы сәулелену көздерін олармен жұмыс істеуге тиісті лицензиясы бар ұйымдарға беруге;

2) радиоактивті қалдықтарды және (немесе) пайдаланылған радионуклидті көздерді сақтау немесе көму пункттеріне беруге;

3) пайдаланылған ядролық отынды сақтау немесе көму пункттеріне немесе ядролық материалдармен жұмыс істеуге тиісті лицензиясы бар ұйымдарға беруге;

4) қоршаған ортаны қалпына келтіру, аумақтарды рекультивациялау, тоқтатылатын қызметті жүзеге асыру кезінде ластанған жабдықтар мен үй-жайларды қатерсіздендіру бойынша жұмыс жүргізуге міндетті.

9-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет лицензия негізінде жүзеге асырылады. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына және осы Заңға

сәйкес жүзеге асырылады.

Алу деңгейі жоғары атом энергиясын пайдаланатын объектілермен қызмет лицензиялануға жатады.

2. Қызметтің: атом энергиясын пайдаланатын объектілердің өмірлік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау; ядролық материалдармен жұмыс істеу; радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу; иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу; радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу; ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотопты көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау түрлері үшін лицензия алуға арналған өтінішті қарау мерзімі:

1) радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы ядролық қондырғылар, көму пункттері үшін - өтініш берген күннен бастап он айдан аспайды;

2) радиациялық қауіптілігі 3 және 4-санаттағы ядролық қондырғылар, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық және электрфизикалық қондырғылар үшін - өтініш берген күннен бастап бес айдан аспайды;

3) радиациялық қауіптілігі 3-санаттағы радиациялық және электрфизикалық қондырғылар үшін - өтініш берген күннен бастап алпыс жұмыс күнінен аспайды;

4) радиациялық қауіптілігі 4-санаттағы радиациялық және электрфизикалық қондырғылар үшін қырық жұмыс күнінен аспайды;

5) пайдаланылған ядролық отынды, активтілігі жоғары радиоактивті қалдықтарды тасымалдау үшін - өтініш берген күннен бастап төрт айдан аспайды;

6) ядролық материалдарды тасымалдау үшін - өтініш берген күннен бастап елу жұмыс күнін;

7) активтілігі орташа, активтілігі төмен радиоактивті қалдықтарды, радиоактивті заттар мен жабық радиоактивті көздерді тасымалдау үшін - өтініш берген күннен бастап отыз жұмыс күнін құрайды.

3. Иондаушы сәулелену көздерімен немесе ядролық, радиациялық, электрфизикалық қондырғыларға қатысы жоқ радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, сондай-ақ қызметтің: атом энергиясын пайдалану саласында қызмет көрсету; бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және жүргізілген ядролық сынақтар нәтижесінде ластанған басқа аумақтардағы қызмет; ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау; ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау түрлері үшін лицензиялар алуға арналған өтініштерді қарау мерзімі отыз жұмыс күнін құрайды.

4. Лицензияға қосымша лицензиат жұмыс жүргізетін атом энергиясын пайдаланатын объектілердің тізбесін, атап айтқанда:

1) ядролық отын және оның құрамбөліктерді дайындайтын қондырғылар;

- 2) атом энергетикалық станциялар;
- 3) ядролық (атом) зерттеу реакторлары;
- 4) термоядролық реакторлар;
- 5) табиғи уран өндіретін және қайта өңдейтін қондырғылар;
- 6) активтілігі жоғары радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері;
- 7) активтілігі орташа радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері;
- 8) активтілігі төмен радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері;
- 9) пайдаланылған ядролық отынды сақтау пункттері;
- 10) радионуклидтік көздерді сақтау пункттері;
- 11) активтілігі жоғары радиоактивті қалдықтарды көму пункттері;
- 12) активтілігі орташа радиоактивті қалдықтарды көму пункттері;
- 13) активтілігі төмен радиоактивті қалдықтарды көму пункттері;
- 14) пайдаланылған ядролық отынды көму пункттері;
- 15) пайдаланылған радионуклидтік көздерді көму пункттері;
- 16) изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдар;
- 17) радиоактивті заттар;
- 18) радиофармпрепараттар;
- 19) нейтрон өндіргіштер;
- 20) құрамында уран бар заттар;
- 21) құрамында торий бар заттар;
- 22) табиғи уранның қайта өңделген өнімдері;
- 23) жабық радионуклидтік көздер;
- 24) калибрлеуге арналған жабық калибрлік көздер;
- 25) тексеруге арналған жабық калибрлік көздер;
- 26) активтілігі жоғары радиоактивті қалдықтар;
- 27) активтілігі орташа радиоактивті қалдықтар;
- 28) активтілігі төмен радиоактивті қалдықтар;
- 29) радиоизотоптық спектрометрлер, талдағыштар, датчиктер, өлшеуіштер;
- 30) рентген спектрометрлері, талдағыштар, датчиктер, өлшеуіштер;
- 31) стационарлық радиоизотоптық дефектоскоптар;
- 32) көшпелі радиоизотоптық дефектоскоптар;
- 33) стационарлық рентгендік дефектоскоптар;
- 34) көшпелі рентгендік дефектоскоптар;
- 35) қол жүгін, багажды, көлікті, материалдарды, заттарды тексеріп қарауға арналған радиоизотоптық қондырғылар;
- 36) қол жүгін, багажды, көлікті, материалдарды, заттарды тексеріп қарауға арналған рентген жабдықтары;
- 37) адамды дербес тексеріп қарауға арналған рентген жабдықтары;
- 38) энергиясы 10 МэВ дейінгі электрондарды үдеткіштер;

- 39) энергиясы 10 МэВ жоғары электрондарды үдеткіштер;
- 40) энергиясы 2 МэВ/нуклонға дейінгі иондарды үдеткіштер;
- 41) энергиясы 2 МэВ/нуклоннан жоғары иондарды үдеткіштер;
- 42) зарядталған белшектерді медициналық үдеткіштер;
- 43) жалпы мақсаттағы медициналық рентген қондырғылары;
- 44) медициналық рентгендік дентальдық жабдық;
- 45) медициналық рентгендік маммографиялық қондырғылар;
- 46) медициналық рентгендік ангиографиялық жабдық;
- 47) медициналық компьютерлік рентгендік томографтар;
- 48) медициналық радиоизотоптық диагностикалық жабдық;
- 49) медициналық рентгендік терапиялық жабдық;
- 50) медициналық рентгендік симуляторлар;
- 51) медициналық гамма-терапиялық қондырғылар қамтиды.

5. Ядролық қондырғыларға, радиациялық қауіптілігі 1 және 2- санаттағы радиациялық және электрфизикалық қондырғыларға, пайдаланылған ядролық отынды тасымалдауға лицензия алуға арналған өтініштерді қарау кезінде уәкілетті органның өтініш берушіден ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті негіздеуге қосымша құжаттарды сұратуға құқығы бар.

6. Уәкілетті органның атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет түрлеріне лицензиялардың қолданысын мынадай жағдайларда:

- 1) радиациялық авариялар және/немесе авариялық жағдайлар кезінде;
- 2) тексерулер нәтижесінде анықталған ядролық материалдарды, радиоактивті қалдықтарды, иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу, сақтау, тасымалдау, есепке алу және бақылау кезінде ядролық және/немесе радиациялық қауіпсіздік талаптары бұзылған кезде;
- 3) дәйексіз мәліметтер табылған кезде;
- 4) уәкілетті органның нұсқамалары белгіленген мерзімде орындалмаған кезде алты айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқығы бар.

Уәкілетті орган лицензияның қолданысын тоқтата тұрған кезде лицензиатқа тоқтата тұру себептері мен бұзушылықтарды жою мерзімдері көрсетілген лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешімді жібереді. Лицензияның қолданысы осындай шешімді лицензиатқа жеткізген күннен бастап тоқтатыла тұрады.

7. Лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған кезде лицензиат атом энергиясын пайдаланатын объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жалғастырады.

8. Лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

10-бап. Қондырғылардың радиациялық қауіптілік санаттары

1. Ядролық, радиациялық, электрфизикалық қондырғылар мынадай төрт радиациялық қауіптілік санатына бөлінеді:

1) 1-санат - авария кезінде санитариялық-қорғау аймағының шегінен тыс жерде халыққа радиациялық әсері болуы мүмкін және халықты қорғау жөніндегі шаралар қажет болатын қондырғылар;

2) 2-санат - авария кезіндегі радиациялық әсер өздерінің санитариялық-қорғау аймағының аумағымен шектелетін қондырғылар;

3) 3-санат - радиациялық әсері оларды орналастыру алаңымен шектелетін қондырғылар;

4) 4-санат - радиациялық әсері атом энергиясын пайдалану қызметін жүзеге асыруға байланысты жұмыстар жүргізілетін үй-жайлармен немесе жұмыс орнымен ғана шектелетін қондырғылар.

2. Ядролық, радиациялық, электрфизикалық қондырғыларды радиациялық қауіптілік санатына жатқызуды Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын және/немесе қондырғылардың меншік иесі болып табылатын заңды және жеке тұлғалар айқындайды.

3. Ядролық және радиациялық қондырғылардың және радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы электрфизикалық қондырғылардың меншік иелері заңды тұлғалар ғана бола алады.

11-бап. Радионуклидтік көздердің қауіптілік санаттары

1. Радионуклидтік көздер радиациялық қорғануды және қауіпсіздікті қамтамасыз етуді оңтайландыру мақсатында олар халыққа қауіпті әсер ететін көздің белсенділігінің шекті белсенділікке қатысымен анықталатын бес қауіптілік санатына бөлінеді:

1) 1-санат - белсенділігі шекті белсенділікке қатысты 1000-нан астам мәнге ие көздер;

2) 2-санат - белсенділігі шекті белсенділікке қатысты 10-нан 1000-ға дейінгі мәнге ие көздер;

3) 3-санат - белсенділігі шекті белсенділікке қатысты 1-ден 10-ға дейінгі мәнге ие көздер;

4) 4-санат - белсенділігі шекті белсенділікке қатысты 0.01-ден 1-ге дейінгі мәнге ие көздер;

5) 5-санат - белсенділігі алу деңгейінен жоғары мәнге ие және белсенділігі шекті белсенділікке қатысты 0.01-ден кем мәнге ие көздер.

2. Өртүрлі радиоизотоптар үшін шекті белсенділік шамасының мәнін уәкілетті орган белгілейді.

12-бап. Ядролық қондырғылар мен көму пункттерін салу

1. Ядролық қондырғыларды және көму пункттерін салу және салу ауданы туралы шешімді аумағында қондырғыларды салу жоспарланатын аумақтарда жергілікті өкілдікті органдардың келісімімен Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) елдің және оның жекелеген өңірлерінің шаруашылық мәселелерін шешу үшін

оларға қажеттілікті;

2) аталған объектілерді орналастыру үшін Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарына сай келетін қажетті жағдайлардың болуын;

3) таяу орналасқан азаматтық және әскери объектілер тарапынан аталған объектілерге аталған қауіпсіздігіне қатер төнбеуін;

4) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптарды;

5) аталған объектілерді орналастырудың өңірдің өнеркәсіптік, шаруашылық және әлеуметтік дамуы үшін ықтимал әлеуметтік және экономикалық салдарларын ескере отырып, қабылдайды.

2. Салу және салу ауданы туралы шешім қабылданғаннан кейін ядролық қондырғыны немесе көму пунктін орналастыру алаңын таңдау жөнінде жұмыстар жүргізіледі.

3. Ядролық қондырғыны немесе көму пунктін орналастыру алаңы:

1) қондырғыға немесе көму пунктіне табиғи және (немесе) техногендік сипаттағы ықтимал сыртқы әсерлерді;

2) радиоактивтік заттардың ықтимал ауысуын;

3) ядролық қондырғыны немесе көму пунктін пайдалану нәтижесінде немесе авариялық жағдайлардың, оқыс оқиғалардың немесе авариялардың туындауы нәтижесінде халыққа және қоршаған ортаға келетін залалды болдырмау мүмкіндігін ескере отырып, айқындалуға тиіс.

4. Ядролық қондырғыларды және көму пункттерін орналастыру алаңын таңдау қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. Ядролық қондырғыны немесе көму пунктін жобалау, салу және пайдалануға енгізу осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Ядролық қондырғылардың және көму пункттерінің жобалық құжаттары міндетті түрде мемлекеттік экологиялық және санитариялық эпидемиологиялық сараптамадан өтеді.

7. Ядролық, радиациялық немесе электрфизикалық қондырғыларды салуға тек қана заңды тұлғаларға рұқсат етіледі.

8. Ұлттық қауіпсіздікке қатер төнген жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі ядролық қондырғыны немесе көму пунктінің құрылысын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

13-бап. Ядролық физикалық қауіпсіздік

1. Пайдаланушы ұйым атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

2. Ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында атом энергиясын

пайдалану объектілерін физикалық қорғау жүзеге асырылады, олар:

- 1) атом энергиясын пайдаланатын объектіні рұқсатсыз алудан, ядролық материалдарды ұрлаудан немесе ядролық қондырғыны заңсыз басып алудан қорғауды;
- 2) атом энергиясын пайдаланатын объектілерді диверсиядан қорғауды;
- 3) атом энергиясын пайдаланатын объектілерде ықтимал диверсияның радиологиялық салдарларын жеңілдетуді немесе мейлінше төмен деңгейге келтіруді қамтамасыз етуге тиіс.

3. Ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды, сондай-ақ иондаушы сәулелену көздері мен сақтау пункттерін физикалық қорғауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

4. Ядролық физикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды уәкілетті органдар өз құзыреттері шегінде жүзеге асырады.

5. Ядролық материалдарды рұқсатсыз алу, ядролық қондырғыларға немесе ядролық материалдарға қатысты диверсия Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

6. Радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы ядролық қондырғыларды күзетуді ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері жүзеге асырады.

14-бап. Ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу

1. Ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздері, оның ішінде құрамында ядролық материалдар барлары уәкілетті орган бекітетін ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу тәртібіне сәйкес мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

2. Ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу олармен жұмыс істеу кезінде ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздерінің қолда бар санын, олардың орналасқан жерлерін анықтауды қамтамасыз етеді

3. Атом энергиясын пайдаланатын объектілермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар уәкілетті органға ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздерінің болуы, орын ауыстыруы және орналасқан жерлері туралы дәйекті ақпаратты береді.

4. Иондаушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу нәтижелері бойынша ақпарат:

- 1) иондаушы сәулелену көздерінің сипаттамасы мен есептік деректерді;
- 2) иондаушы сәулелену көздерінің иелері мен пайдаланушылары туралы деректерді ;
- 3) иондаушы сәулелену көздерінің Қазақстан Республикасының аумағы шегінде орын ауыстыруы туралы деректерді;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының

аумағынан тыс жерге әкету туралы деректерді қамтитын иондаушы сәулелену көздерінің тізіліміне енгізіледі.

5. Иондаушы сәулелену көздерінің тізілімін уәкілетті орган жүргізеді.

15-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар көрсетілетін қызметтердің эксперты мен импортын жүзеге асыру

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы экспорттық бақылауға жататын тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді және ақпаратты қоса алғанда, өнімдердің, сондай-ақ қосарланған мақсаттағы өнімдердің экспорты мен импорты уәкілетті органның келісімі бойынша экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылады.

2. Егер экспорттаушыға мұндай өнім ядролық қаруды немесе оның құрамбөліктерін әзірлеуге, жасауға немесе сынауға пайдаланылуы мүмкін екендігі белгілі болса, өнімнің экспортына немесе зияткерлік немесе шығармашылық қызмет нәтижелеріне тыйым салынады.

3. Атом энергиясын пайдалану саласындағы экспорттық бақылаудың нормалары мен талаптарын қамтамасыз ету мақсатында экспорттаушылар біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын фирмаішілік экспорттық бақылау жүйелерін құрады.

16-бап. Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды тасымалдау

1. Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды тасымалдау көліктік буып-түю жинақталымын дайындауға және қызмет көрсетуге, сондай-ақ транзиттік сақтауды, жүктерді соңғы межелі пунктте түсіруді және қабылдауды қоса алғанда, дайындауға, тиеуге, жөнелтуге, тасуға байланысты барлық операциялар мен жағдайларды қамтиды.

3. Жүк жөнелтуші, тасымалдаушы және жүк алушы ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес тасымалдауды қауіпсіз орындауға қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

4. Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды тасымалдау атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің тиісті түріне лицензиясы болған кезде ғана жүзеге асырылады.

5. Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды тасымалдау, конструкциясын уәкілетті орган бекітетін көліктік буып-түю жинақталымдарында тасымалдауға рұқсат етілген ядролық материалдардың,

радиоактивті заттардың орамасының коды мен типін, тіркеу нөмірі мен күнін, олардың қолданылу мерзімін көрсете отырып, жүзеге асырылады.

17-бап. Бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарында және жүргізілген ядролық жарылыстар нәтижесінде ластанған басқа да аумақтарда қызметті жүзеге асыру

1. Бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және жүргізілген ядролық жарылыстар нәтижесінде ластанған басқа да аумақтардағы қызмет Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына және осы Заңға сәйкес лицензиялануға тиіс.

2. Бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарында және жүргізілген ядролық жарылыстар нәтижесінде ластанған басқа да аумақтарда осы аумақтардың шекаралары олардың радиоактивті ластануын ескере отырып, белгіленеді және (немесе) түзетіледі.

18-бап. Алу деңгейі жоғары табиғи радионуклидтермен бірге құрамында радиоактивті заттары бар материалдардың пайдаланылуын бақылау

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке жатпайтын өндірістік қызметте пайдаланылатын материалдарда табиғи радионуклидтердің болуымен байланысты қызметкерлер мен халықтың сәулеленуі Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасында белгіленген санитариялық нормалардан аспауға тиіс.

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган қызметкерлер мен халықты құрамында алу деңгейі жоғары табиғи радионуклидтер бар материалдардан, нормативтен тыс сәулеленуден қорғау мақсатында осындай материалдарға бақылау жүргізеді және санитариялық нормалардан асып кеткені анықталған жағдайда олармен жұмыс істеу немесе оларды айналымнан алу кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды уәкілетті органмен бірлесіп айқындайды.

19-бап. Ядролық қондырғыларда жұмыс істейтін персоналдың біліктілігі, біліктілігін арттыру және білімін тексеру

1. Ядролық қондырғыны қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету, ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін, авариялық әзірлікті және ядролық аварияларға ден қоюды қамтамасыз ету үшін пайдаланушы ұйымның тиісті біліктілігі және даярлығы бар персоналы болуға тиіс.

2. Пайдаланушы ұйым персоналдың үш санатын белгілейді:

1) мамандар - жоғары буын басшылары, бөлімдер мен секторлардың бастықтары, кіші буын басшылары мен аға операторлар сияқты басшы лауазымдағы персонал;

2) техниктер - бақылау-өлшеу құралдарының техниктерін, радиациялық бақылау техниктерін, химиялық зертхана техниктерін, техник-механиктерді, техник-электриктерді және электрондық аппаратура техниктерін қамтитын персонал,

сондай-ақ ядролық қондырғыны пайдаланумен байланысты жұмыстармен тікелей айналысатын өзге мамандандырылған персонал;

3) жұмысшылар - дәнекерлеушілерді, слесарьларды, механиктерді, электриктерді, механизмдер операторларын қамтитын персонал және басқа да білікті жұмысшылар персоналы.

3. Әрбір персонал санаттары қызметкерлерінің:

- 1) құжатпен расталған білімін (диплом, сертификат);
- 2) алдыңғы жұмыс орнында алған тәжірибесін;
- 3) алғашқы даярлығы мен расталған бастапқы біліктілігін;
- 4) белгілі бір медициналық және физикалық талаптардан тұратын арнайы талаптарды орындауды қамтитын қажетті біліктілігі болуға тиіс.

4. Қауіптілігі 1 және 2-санаттағы ядролық қондырғыларда жұмыс істейтін персоналға қойылатын біліктілік талаптарын, персоналдың біліктілігін арттыру және білімін тексеру қағидасын уәкілетті орган айқындайды.

20-бап. Атом энергиясын пайдалана отырып қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды аттестаттау

1. Уәкілетті орган атом энергиясын пайдалана отырып қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналдың мынадай санаттарына аттестаттау жүргізеді:

1) лауазымдық міндеттері қондырғыны тікелей басқаруды, атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін ядролық қондырғыларды басқарушы персонал;

2) лауазымдық міндеттері ядролық материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін, радиоактивті қалдықтарды есепке алумен және бақылаумен, ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғаумен байланысты ядролық қондырғының персоналы;

3) лауазымдық міндеттеріне радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондаушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау кіретін радиациялық, электрфизикалық қондырғылардың персоналы.

2. Атом энергиясын пайдалана отырып қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды аттестаттау ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік нормалары мен талаптарын білуін, функционалдық міндеттерін атқару кезінде шешім қабылдау қабілетін тексеру мақсатында жүргізіледі.

3. Уәкілетті органда персоналды аттестаттау:

- 1) бастапқы аттестаттау;
- 2) мерзімді аттестаттау;
- 3) кезектен тыс аттестаттау болып бөлінеді.

4. Бастапқы аттестаттау қызметкерді лауазымға тағайындағаннан кейін жүргізіледі.

Мерзімдік аттестаттау үш жылда бір рет жүргізіледі. Кезектен тыс аттестаттау мынадай жағдайларда:

1) атом энергиясын пайдаланатын объектілермен жұмыс істеуге байланысты жұмыста жазатайым оқиғаларға жол бергенде;

2) уәкілетті органның тексерулері нәтижесінде анықталған ядролық материалдармен, радиоактивтік қалдықтармен, иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу, сақтау, тасымалдау, мемлекеттік есепке алу кезінде ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік талаптары бұзылғанда;

3) атом энергиясын пайдалану саласында қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғаның шешімі бойынша тағайындалады.

5. Атом энергиясын пайдалану саласында қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға аттестаттаудан өту үшін тиісті қызмет түріне лицензия алғаннан кейін екі ай ішінде персоналды аттестаттаудан өткізу үшін уәкілетті органға құжаттарды табыс етеді. Уәкілетті орган аттестаттаудан өтуге арналған құжаттарды оларды алған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

6. Уәкілетті орган аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;

2) қайта аттестаттаудан өтуге тиіс.

7. Қайта аттестаттау алғашқы аттестаттау жүргізілгеннен кейін үш айдан соң жүргізіледі. Уәкілетті орган қайта аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;

2) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

Аттестатталатын қызметкер атқаратын лауазымына сәйкес келмеген жағдайда, осы баптың 1-тармағында тізбеленген міндеттерді орындауға жіберілмейді. Қайта аттестаттаудан өтпеген қызметкер аттестаттауға кемінде екі жылдан кейін өтініш бере алады.

8. Атом энергиясын пайдалана отырып қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналға аттестаттау жүргізу қағидасын уәкілетті орган бекітеді.

21-бап. Қондырғыларды пайдаланудан шығару, ядролық немесе радиациялық қондырғыларды мерзімінен бұрын пайдаланудан шығару және көму пункттерін жабу

1. Пайдаланушы ұйым ядролық қондырғыны немесе көму пунктін жобалау кезеңінде ядролық қондырғыны пайдаланудан шығарудың немесе көму пунктін жабудың алдын ала жоспарын Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес әзірлейді.

2. Пайдаланудан шығарудың алдын ала жоспары ядролық қондырғыны немесе көму пунктін пайдаланудан шығару кезеңдерінің сипаттамасын, негізгі конструкцияларды

бөлшектеу әдістерін, жұмыстарды орындау құнын бағалау мен мерзімдерін, қажетті ресурстарды, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын, ядролық қондырғыны пайдаланудан шығарғаннан немесе көму пунктін жапқаннан кейін оларды орналастыру алаңының негізгі нормалары мен сипаттамасын қамтиды.

3. Ядролық қондырғыны немесе көму пунктін пайдалану кезінде пайдаланудан шығарудың алдын ала жоспары қайта қаралуға және қажет болған кезде жаңа техникалық және технологиялық әзірлемелер, қауіпсіздік бойынша талаптардың өзгеруі, жұмыстардың құны мен қажетті ресурстар ескеріле отырып жаңғыртылуға тиіс. Қажет болған жағдайда ядролық қондырғыны пайдаланудан шығару немесе көму пунктін жабу кезеңдері өзгертіледі.

4. Ядролық қондырғыны пайдаланудан шығару немесе көму пунктін жабу туралы шешім қабылдау кезінде пайдаланушы ұйым сол уақытта болған технологияларды, әдістемелерді, экономикалық көрсеткіштерді, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып пайдаланудан шығарудың түпкілікті жоспарын жасайды. Пайдаланудан шығарудың түпкілікті жоспары ядролық қондырғыны пайдаланудан шығару немесе көму пунктін жабу бойынша жұмыстарды жобалау және жүргізу үшін негіз болып табылады.

5. Қондырғыны пайдалануды тоқтату туралы шешімді пайдаланушы ұйым өмірлік циклдің кез келген кезеңінде дербес қабылдайды. Бұл ретте пайдаланушы ұйым қабылданған шешім, пайдаланудан шығару жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырудың басталатын күні мен мерзімдері туралы уәкілетті органды хабардар етеді. Пайдаланушы ұйым пайдаланудан шығару жоспары бойынша жұмыстардың толық көлемде орындалуын қамтамасыз етеді.

6. Ядролық қондырғыны мерзімінен бұрын пайдаланудан шығару туралы шешімді ядролық және (немесе) радиациялық аварияларға әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін ядролық қондырғыны қауіпсіз пайдалану талаптары бұзылған және пайдаланушы ұйымның ядролық қондырғыны одан әрі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге негізді қабілеті болмаған жағдайда уәкілетті органның ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

7. Көму пунктін жабу туралы шешімді оны жабу жөніндегі іс-шаралар аяқталған кезде уәкілетті органның ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Уәкілетті органның ұсынымы пайдаланушы ұйымның көму пунктін жабу бойынша орындаған:

- 1) көму пунктін пайдалану нәтижесінде ластанған аумақты рекультивациялау;
- 2) көму пунктін орналастыру алаңындағы радиациялық жағдайға бақылау өлшемдерін жүргізу;

- 3) көмілген радиоактивті қалдықтарды, көму пунктінің конструкциясын, көму пунктін орналасқан алаңның геотектоникалық, геологиялық және геофизикалық пайдаланудан толық сипаттамаларын бере отырып құжаттамалар пакетін мұрағатқа

беру іс-шараларына негізделеді.

8. Ядролық және радиациялық қондырғыларды пайдаланудан шығару қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4-тарау. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік бойынша сараптама және зерттеулер жүргізу

22-бап. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасы

1. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасы ядролық қондырғылардың, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық және электрфизикалық қондырғылардың, көліктік буып-түю жиынтықтарының қауіпсіздігін олар ядролық және (немесе) радиациялық қауіп төндіруі мүмкін бүкіл уақыт кезеңіне тәуелсіз бағалауды жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

2. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізудің кезеңділігі бес жылда бір реттен келеді.

3. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын қызметтің осы түрін жүзеге асыруға уәкілетті органда аккредиттелген ұйымдар жүргізеді. Бұл ретте, сараптама жүргізілетін пайдаланушы ұйымның өкілі, сондай-ақ осындай пайдаланушы ұйыммен еңбек немесе өзге шарттық қатынастарда тұрған жеке тұлғалар сарапшы ретінде бола алмайды.

4. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасына құжаттарды пайдаланушы ұйым тапсырады.

5. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу нәтижелері бойынша сараптама объектісін іске асыру жөнінде шешім қабылдаудың мүмкіндігі мен жарамдылығы туралы қорытынды беріледі.

6. Сараптаманың теріс қорытындысын алу сараптамалық қорытындыда көрсетілген барлық ескертулерді жойған пайдаланушы ұйымды сараптама жүргізу үшін қайта жүгіну құқығынан айырмайды.

7. Радиациялық және ядролық қауіпсіздік сараптамасын қаржыландыру пайдаланушы ұйымның қаражатынан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаржы көздерінен жүзеге асырылады.

8. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

23-бап. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікке сараптама жүргізу объектілері

Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасына:

1) ядролық қондырғыларды, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық қондырғыларды және электрфизикалық қондырғыларды орналастыру және салу алаңдарын таңдау жөніндегі жобалау құжаттамасы;

2) ядролық қондырғыларды, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық және электрфизикалық қондырғыларды, көліктік буып-түю жинақталымының жобалау және пайдалану құжаттамасы;

3) ядролық қондырғыларды, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық және электрфизикалық қондырғыларды, көліктік буып-түю жинақталымдарын техникалық жаңғыртуға арналған жобалау және пайдалану құжаттамасы;

4) ядролық қондырғыларды, радиациялық қауіптілігі 1 және 2-санаттағы радиациялық және электрфизикалық қондырғыларды, көліктік буып-түю жинақталымдарын пайдаланудан шығару жөніндегі жобалау және пайдалану құжаттамасы жатады.

24-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің қауіпсіздігіне сараптаманы жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу

1. Уәкілетті орган атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің қауіпсіздігіне сараптаманы жүзеге асыратын ұйымдарға аккредиттеу жүргізеді.

2. Аккредиттеу жүргізудің нәтижелері бойынша аккредиттеу туралы куәлік беріледі. Аккредиттеу туралы куәліктің қолданыс мерзімі үш жыл. Аккредиттеу туралы куәлік аккредиттеу саласын, аккредиттеу саласындағы жұмыстардың түрлерін, қолданылатын есеп айырысу әдістемелері мен бағдарламалық құралдарды қамтиды.

3. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің қауіпсіздігіне сараптаманы жүзеге асыратын ұйымда:

1) аккредиттеу саласында немесе тікелей аккредиттеу саласына байланысты қызметте кемінде бес жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

2) аккредиттеудің тиісті саласындағы жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етуге қабілетті білікті персонал;

3) мәлімделген жұмыс түрлерін орындау үшін бағдарламалық-техникалық және/немесе әдістемелік құралдар болуға тиіс.

4. Аккредиттеу туралы құжаттарды қарауды уәкілетті орган олар уәкілетті органға келіп түскен кезден бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

5. Өтініш берушіні аккредиттеуден бас тартудың негіздері:

1) ұсынылған құжаттарда дәйексіз ақпараттың болуы;

2) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш беруші персоналдың біліктілігінің мәлімделген аккредиттеу саласына сәйкес келмеуі;

4) мәлімделген аккредиттеу саласының есеп айырысу әдістемесі мен бағдарламалық құралдарының сәйкес келмеуі;

5) қызметтің мәлімделген түрімен айналысуға тыйым салу туралы сот шешімінің болуы болып табылады.

Аккредиттеуден бас тарту туралы шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

6. Аккредиттелген ұйымдар:

1) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша аккредиттеу саласындағы қызметті жүзеге асырумен байланысты құжаттаманы ұсынуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыстардың орындалу барысында алынған құпия ақпаратты жария етпеуге міндетті.

7. Уәкілетті орган осы баптың 6-тармағы бұзылған (орындалмаған) жағдайда ұйымды аккредиттеу туралы куәлікті қайтарып алуға құқылы.

8. Уәкілетті орган атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің қауіпсіздігіне сараптаманы жүзеге асыратын аккредиттелген ұйымдардың тізілімін жүргізеді.

9. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің қауіпсіздігіне сараптаманы жүзеге асыратын ұйымдарға аккредиттеу жүргізу қағидаларын уәкілетті орган айқындайды.

10. Аккредиттелген ұйымдар ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу кезінде уәкілетті органмен келісілген есеп айырысу әдістемесін қолданады.

5-тарау. Радиоактивті қалдықтар

25-бап. Радиоактивті қалдықтармен және пайдаланылған ядролық отынмен жұмыс істеу

1. Қазақстан Республикасының аумағында пайда болған барлық радиоактивті қалдықтар әлеуетті қауіп төндіруі мүмкін бүкіл уақыт кезеңінде халық пен қоршаған ортаны радиациялық қорғауды қамтамасыз ететіндей түрде көмілуге тиіс.

2. Радиоактивті қалдықтардың пайда болуына әкеп соғатын атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар олардың ең аз пайда болуы үшін шаралар қабылдауға міндетті.

3. Пайдаланылған ядролық отынды және радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз орналастыру радиоактивті қалдықтардың пайда болуына алып келетін қызметтің кез келген түрінің міндетті кезеңі ретінде жобалық және техникалық құжаттамада көзделуге тиіс.

4. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу қызметі лицензия негізінде жүргізіледі.

5. Заңды және жеке тұлғалар радиоактивті қалдықтармен және (немесе) пайдаланылған ядролық отынмен жұмыс істеудің барлық кезеңінде Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерге сәйкес ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

6. Радиоактивті қалдықтармен және пайдаланылған ядролық отынмен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленген талаптар сақталуға тиіс.

7. Пайдаланушы ұйымның радиоактивті қалдықтармен және (немесе) пайдаланылған ядролық отынмен жұмыс істеуге қатысты құжаттары оларды физикалық және химиялық қасиеттеріне және персоналға, халық пен қоршаған ортаға әлеуетті әсеріне қатысты санаттарға бөлуді көздеуге тиіс.

8. Пайдаланушы ұйым сақтау немесе көму пунктінде орналасатын радиоактивті қалдықтардың және (немесе) пайдаланылған ядролық отынның тізілімін жүргізуді қамтамасыз етеді. Тізілім салмағы немесе көлемі, белсенділігі, радионуклидтік құрамы туралы мәліметтерді және сақтау немесе көму пунктінде орналасатын радиоактивті қалдықтарды және (немесе) пайдаланылған ядролық отынды және олардың әлеуетті қауіптілік деңгейін дәл сәйкестендіру үшін қажет болатын басқа да мәліметтерді қамтиды.

9. Радиоактивті қалдықтарды жинауды, сақтауды және көмуді ұйымдастыру қағидаларын уәкілетті орган айқындайды.

6-тарау. Авариялық әзірлік және ден қою

26-бап. Авариялық әзірлік және ден қою

1. Ұлттық ден қою жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және ол:

1) ядролық немесе радиациялық авариялардың әсер ету факторларының авариялық ядролық, радиациялық немесе электрфизикалық қондырғыны орналастыру алаңынан тысқары шығуы немесе шығу қаупі жағдайында;

2) әсері немесе әсер ету қаупі Қазақстан Республикасының аумағына таралатын, басқа мемлекеттің аумағында орын алған трансшекаралық ядролық немесе радиациялық авариялар кезінде уәкілетті органның шешімімен қолданысқа енгізіледі.

2. Ядролық және радиациялық аварияларға ұлттық ден қою жоспары:

1) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің ядролық немесе радиациялық авария жағдайындағы құқықтары мен міндеттерін;

2) ядролық және радиациялық аварияларға әзірлік және ден қою жөніндегі іс-әрекеттер тәртібі және шараларды басқару;

3) ұйымдар мен мемлекеттік органдардың ядролық немесе радиациялық авариялар жағдайындағы іс-қимылын үйлестіруді және олардың зардаптарын жоюды айқындайды.

3. Тиісті ядролық немесе радиациялық авариялар туралы ақпаратты алған кезде уәкілетті орган азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органды Ұлттық ден қою жоспарын қолданысқа енгізу туралы дереу хабардар етеді.

4. Пайдаланушы ұйымдар аварияға қарсы іс-шаралардың жоспарларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірлейді және бекітеді. Аварияларға қарсы іс-шаралар жоспарында авариялардың және авариялық жағдайлардың зардаптарын жою және (немесе) персоналға, халық пен қоршаған ортаға ықтимал әсерін барынша азайту іс-әрекеттері мен іс-шараларының тәртібі ядролық, радиациялық немесе электрфизикалық қондырғының радиациялық қауіптілік санатына сәйкес негізделеді.

5. Пайдаланушы ұйымдар атом энергиясын пайдаланатын объектілермен жұмыс істеудің барлық кезеңінде авариялық әзірлік және ден қою шараларының орындалуын қамтамасыз етеді.

6. Атом энергиясын пайдалану саласында трансшекаралық авариялар немесе оқыс оқиғалар туындаған жағдайда уәкілетті орган азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп Қазақстан Республикасы ратификациялаған атом энергиясын пайдалану саласындағы халықаралық келісімдерге сәйкес хабарлау және ден қою шараларын қабылдайды.

7-тарау. Қорытынды ережелер

27-бап. Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

28-бап. Атом энергиясын пайдаланатын объектілерді тиісінше пайдаланбау салдарынан келтірілген зиянды өтеу

1. Атом энергиясын пайдаланатын объектілерді тиісінше пайдаланбау нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиян Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтелуге жатады.

2. Атом энергиясын пайдаланатын объектілерді тиісінше пайдаланбаған кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жерді рекультивациялауға жұмсалған және жердің құнарлылығын қалпына келтіру жөніндегі шығындарды қоса алғанда, жерге, суға, өсімдіктер және жануарлар дүниесіне келтірілген залалды өтеуге міндетті.

3. Ядролық авариялар нәтижесінде келтірілген залал Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерге сәйкес өтелуге жатады.

29-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Атом энергиясын пайдалану туралы» 1997 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №

7, 83-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК